

№13 «Тұлпар» балабақшасы
педагогикалық кеңесінің отырысының
№2 хаттамасы

Өткен күні: 29.10.2019ж

Қатысқандар: 11 адам

1. Т.К. Гусманова - меңгеруші - төрайым
2. К.Р. Каюмова - әдіскер
3. Т.В. Кашина - тәрбиеші
4. М.В. Колесниченко - тәрбиеші
5. А.А. Русакова - музыка жетекшісі
6. С.В. Турчук - тәрбиеші
7. Г.Т. Рахметова - тәрбиеші
8. З.О. Достанова - ағылшын тілі мұғалімі, тәрбиеші
9. Н.Т. Оразбаева - қазақ тілі мұғалімі - хатшы
10. Ж.Ш. Жагапарова - психолог
11. Б.У. Үсембаева - орыс тілінің мұғалімі

Тақырыбы: «Балалардың білім және денсаулық қорғау мәселелерінде ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін жобалар арқылы арттыру»

Мақсаты: балалардың денсаулығын сақтау және қорғау

Жоспар:

1. Алғысөз. «Проблеманың өзектілігі» - меңгеруші.
2. «Денсаулық сақтаушы технологиялар»- Г.Т.Рахметова
3. Тақырыптық бақылау қорытындысы «Дене шынықтыру-сауықтыру жұмысын күні бойына жоспарлау»; ата-аналар арасында сауалнама жүргізу.-әдіскер
4. «МДҰ емдеу-алдын алу жұмысының жоспары» - мейірбике
5. Блиц-сауалнама, «ДСТ ата» ойыны - әдіскер
 - Денсаулық сақтаушы технологиялардың біреуін көрсету; мақсатын, өткізу уақытын белгілеу.

Жобаларды қарау.

Педагогикалық кеңес шешімін қабылдау және бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Т.К. Гусманова сөз сөйледі. Ол ата-аналардың өз балаларымен айналысуға уақыттары бола бермейтінін және осыған байланысты қиындық көретіндерін, өз мүмкіндіктеріне сене бермейтіндерін атап кетті. Біз, МДҰ педагогтары бала тәрбиесіне байланысты мәселелерді шешуде ата-аналардың өз бетінше шеттелетінін жиі көреміз. Осы келеңсіздік келесі мәселені тудырды: МДҰ мен отбасының өзара тиімді әрекет етпеуі.

Бұл жағдайда біздің жұмысымыздың мақсаты айқындалды - МДҰ мамандары мен тәрбиеленушілердің ата-аналары арасында әрекет ету жағдайларын тудыру үшін әдістемелік жұмысты ұйымдастыру.

Біздің мәселені шешу үшін келесі міндеттер анықталды:

- МДҰ-да сыртқы жағымды тәрбие кеңістігін қалыптастыру үшін жағдай жасау.

- Ата-аналарды тәрбие-білім беру үрдісіне белсенді қатысуға тарту.

- Отбасымен жүргізілетін жұмысты ұйымдастыру бойынша педагогтардың кәсіби құзыреттілігі деңгейін арттыру.

2. ТЫҢДАЛДЫ: Г.Т. Рахметов -қосымша беріледі

3. ТЫҢДАЛДЫ: әдіскер К.Р. Каюмова— қосымша беріледі

4. ТЫҢДАЛДЫ: мейірбике Л.К. Жолжаксинова - қосымша беріледі

5. Блиц-сауалнама, «ДСТ ата» ойыны - әдіскер

Денсаулық сақтаушы технологиялардың біреуін көрсету; мақсатын, өткізу уақытын белгілеу.

Жобаларды қарау.

К.Р. Каюмова балалар мен ата-аналарды жоба қызметімен қызығушылықтарын ояту керектігін атап кетті. Ал, педагогтарға үнемі және жүйелі түрде білім беру жобаларын қолдану керектігін айты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Қойылған міндеттерді мәліметке алып, олар іске асырылсын.

2. Білім беру қызметінде үнемі жобалар қолданылсын.

ПЕДКЕҢЕС ШЕШІМІ:

1. Жүйелі түрде әр балаға жеке қарап, шынықтырушы іс-шаралар өткізілсін.

2. Күнде ұйқыдан тұрған соң, жаттығу жасалсын.

3. Күнтізбелік жоспарларда күн сайын дене қабілеттерінің дамуы бойынша жеке жұмыс көрсетіліп отырсын.

4. Денсаулық бұрышы стандарттан тыс, спорт жабдықтарымен толықтырылып отырсын.

5. Балалар ұйқыдан оянарда, музыкалық сүйемелдеу пайдаланылсын.

Төрайым :



Гусманова Т.К.

Хатшы:

Уразбаева Н.Т..